



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№178
(20252)



18 қараша, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz / www.syrboiy.kz

www.facebook.com/syrboiy.kz/

www.instagram.com/syrboiy_kz

https://twitter.com/syrboiy

t.me/syrboiy_kz

2

Қарашада қыс келді



3

Әр санада сәулетіңің, әр кеудеде жарқыраған



4

Розаның Сталинмен кездесуі



4

Мұзда жанған алау



2011 жыл
2009-2010
2008 жыл

ТӘУЕЛСІЗДІК:
2009-2010 жылдар

2009 жылғы әлемдік дағдарыс жағдайына қарамастан, Қазақстан жан-жақты даму саясаты бойынша алға жылжыды. Республикада Ислам банкінг жүйесін енгізуге бағытталған заң жобалары қабылданып, тиімді қаржы құралдарын қолдануға шарттар жасалды.

Сұ Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

Қазақстан екі онжылдық бойы халықаралық аренада сенімге тұрарлық мемлекет құрып келе жатқандығымен сипатталды. Мемлекет ең күрделі әлемдік дағдарыстың экономикаға кері әсерін тигізіп отырған қиын жағдайында батыл шараларды қолға алып, іске асырды. Шағын және орта бизнесті қолдау күшейе бастады. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін нығайту және барлау қызметін одан әрі жетілдіру бойынша бірқатар іс-шаралар атқарылды. Денсаулық сақтау саласындағы заңнамамы жүйелендірілді, оны халықаралық норма мен стандарттарға үйлестіруге, ұлттық медициналық мәртебесін, азаматтарға сапалы медициналық көмек және медициналық қызмет көрсету деңгейін арттыру мақсатында оңды бастамалар жүзеге асырылды. Мемлекеттік деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жетілдіруге, оның пайда болуына байланысты жауапкершілікті күшейту және алын алу шаралары маңызды мәселе болды.

Елбасы Н.Назарбаев Астанада ҚР Тұңғыш Президентінің физика-математика бағытындағы бірінші интеллектуалдық мектебін ашты. Өңірлерде де 20 білім ошағы ашылғанын хабарлады. «Бұл 20 интеллектуалдық мектептен түлеп ұшқан жастар болашақта Қазақстанның одан әрі өсіп-өркендеуіне, біліміне, ғылымына, саясатына ел басқару ісіне қатысады» деп сенім білдірген ашылу салтанатында.

2009 жылғы облыс бюджетінің орындалуы бойынша алдыңғы қатарға шықты. Тиімді, жүйелі жүргізілген саяси саясаты аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін берген. Мемлекеттік бюджет кірісін Қызылорда облысы 106,7 процентке орындаған.

2-бет

БАСПАСӨЗ – 2022

Құрметті оқырман

2022 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.



● ПРЕЗИДЕНТ

Көпжақты қатынастарға тың серпін

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында мемлекет басшылары екіжақты күн тәртібіндегі барлық бағыт бойынша Қазақстан мен Өзбекстанның стратегиялық серіктестігін одан әрі дамыту мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы көпжақты қатынастарға тың серпін беру мақсатында тараптар Президент Шавкат Мирзиёевтің Қазақстанға басымдық берілді. Қазіргі таңда Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы көпжақты қатынастарға тың серпін беру мақсатында тараптар Президент Шавкат Мирзиёевтің Қазақстанға басымдық берілді.

Әңгімелесу барысында мемлекет басшылары екіжақты күн тәртібіндегі барлық бағыт бойынша Қазақстан мен Өзбекстанның стратегиялық серіктестігін одан әрі дамыту мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Реформалардың түпкі межесі – ұлт сапасын жақсарту

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің VI отырысына қатысты. Кеңестің өңірлердегі мүшелерінің қатысуымен онлайн форматта өткен жиын барысында Президенттің Ұлттық кеңес аясында бұған дейін берген тапсырмаларының орындалуы барысы, сондай-ақ қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық және аймақтық даму мәселелері жөніндегі ұсыныстар талқыланды.

Мемлекет басшысы енді бір айдан кейінгі аталып өтілетін Тәуелсіздіктің 30 жылдығы халқымыз үшін айрықша мәні бар мерейлі белес екенін атап өтті. Саяси жаңғыру, экономика құрылымын өзгерту, әлеуметтік саясатты дамыту жұмыстарының тың қарқындылығын Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі зор үлес қосқанын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев отырыста кеңес жұмысының тағы бір аралық нәтижесі саналатын бастамалар көтеріп, ұсыныстарды ортаға салды. Кеңес мүшелерінің тікелей атсалысуымен елімізді одан әрі демократияландыруға бағытталған реформалардың төрт топтамасы жасақталғанын атап өтті.

Қазақстан Президенті ауыл әкімдерін сайлау институтын жетілдіру қажет екенін айтты. Сонымен қатар Кеңес мүшелерінің ауыл әкімі үміткерлігіне арнаулы орта білімі бар азаматтарға рұқсат беретін норманы бекітуді ұсынғанына тоқталды. Мұндай жаңашылдық жергілікті деңгейдегі сайлаудың бәсін арттырады. Үміткерлерге, әсіресе өзін-өзі ұсынған азаматтар үшін үгіт-насихат уақытын ұзарту мәселесі өзекті болып отырғанын, сайлауалды жұмыстарды қаржыландыруға сараланған тәсіл қажет екенін айтты, аталған бастамаларды зерттеуді және нақты ұсыныс беруді Президент Әкімшілігіне тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында қауіпсіздікті сақтау өзекті екенін айтты.

Қазір оқу орындары күзет агенттігімен бір жылға келісім-шартқа отырады. Әлетте, оны жылдың басында жасайды. Бұл – оқу жылының ортасы деген сөз. Мұндай келісімшарттарды ұзаққа уақытқа, мысалы үш жылға жасасаң тиімді болар еді. Оған рұқсат беру үшін заңнамаға өзгеріс енгізу қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Білім беру саласын жетілдіруге ерекше тоқталған Қасым-Жомарт Тоқаев мектептердегі орын тапшылығын өте өзекті мәселе ретінде атады. Биылғы Жолдауында 2025 жылдың соңына дейін 1000 мектеп салу туралы тапсырма бергенін еске салды. – Тұрғын үй алаптары бой көтерген кезде онымен бірге міндетті түрде мектеп пен балабақша салынуы керек. Үкіметке заңның сақталуын қатаң бақылауды тапсырамын, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы тағы бір мәселе ретінде оқу орындарындағы грант бөлуі айтты. Сондай-ақ жастарға білім беру үшін жоғары оқу орындарына өте көп грант бөлінетінін және студентті оқыту құнына қатысты ой-пікірін ортаға салды.

Қаржы тікелей грант иесіне берілуге тиіс, яғни студент оқу ақысын өзі төлеуі керек. Бұл – қаражат студенттің арнайы есеп-шотына түседі деген сөз. Оны тек оқу ақысын төлеуге жұмсау керек. Бұл тәсіл жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу саласында бәсекелестікті арттырады. Сондай-ақ, мемлекеттік тапсырыстың

ашық болуын қамтамасыз етеді. Білім сапасын жақсартып, студенттердің жауапкершілігін арттырады. Үкімет бұл шешімді жүзеге асыру жолдарын мұқият ойластыруы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде елімізде медицина кадрларының тапшы екенін айтты. Бұл салаға 4 мыңға жуық қызметкер жетіспейді екен. Облыс орталықтарында, әсіресе, аудандар мен ауылдарда білікті дәрігерлер аз. Сондықтан Президент өңір әкімдері осы мәселемен белсенді түрде айналысуға тиіс екеніне назар аударды.

Мемлекет басшысы цифрлық технологияны барынша енгізуді тағы бір бастама ретінде атады. Президент қазір ақпараттық базалардың арасында байланыс жоқ екенін, соның салдарынан қағаз жүзінде құжат талап ету үрдісі әлі де сақталып отырғанын жеткізді.

Мемлекет басшысы банктердің келіп саясатын жетілдіру және бағалау қызметін реттеу мәселесіне арнайы тоқталды. Қырқүйек айында Алматыда үйден мәжбүрлен шығару кезінде қоғамды дүр сілкіндірген қайғылы оқиға болды. Мұны ақтауға болмайтын қылмыс деп атаған Президент біздің құқықтық мемлекет екенімізді, барлық даулы мәселе тек заң аясында ғана шешілуі керектігін айтты.

Ешкімнің заңсыз әрекетпен мәселе шешуіне рұқсат етілмейді. Бұл қайғылы оқиға қарыз алушылардың өз міндеттемелерін орындамауы мен банктердің кепілге қойылған жылжымайтын мүліктерді алып қою, сату және тиісті бағалау тетіктерінің шикілігі мәселені жүйелі шешу қажет екенін көрсетті. Бүгінде 540 мың отандасамыздың қарызын өтеу мерзімі 90 күннен асқан, жалпы сомасы 354 миллиард теңге болатын берешегі бар. Қаржы секторына зиян келтірмей, борышкерлерді қолдау үшін тиімді шаралар қабылдау қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы адам құқықтары қорғау жүйесін одан әрі нығайту жөнінде айтты.

Сондай-ақ, Президент мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі ана мен баланы қолдау екенін жеткізді. Әйел адамдар бала күтімімен ұзақ уақыт отырғанда кәсіби қабілетін төмендетіп алатыны, жалғызбасты ата-аналарға мұндайда тіпті қиында соғылатынын айтты, оларға ерекше ембек жетпей жасалуы керек екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында тағы бір мәселеге арнайы тоқталды. Ұлттың жана болмысын қалыптастыру туралы үнемі айтып жүргенін, оның өте маңызды міндет екенін еске салды.

Реформаларымыздың түпкі межесі – ұлттың сапасын жақсарту. Себебі, халқы мықты ел ғана қуатты мемлекет құра алады. Ал, ұлттымыздың кемелденуі үшін әрбір азамат өресі биік, парасатты болуға ұмтылуы қажет, яғни, сана өзгермесе, бәрі бекер. Шын мәнінде, жанғыру тәрбиенен бастау алады. Сондықтан, біз ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріміз керек. Жастардың бойына ең ізгі қасиеттерді сіңіре білген абзал, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздігіміздің баріміз үшін ең құнды дүние екеніне баса мән беріп, оны даңғазу ұрандарымен емес, ақылмен, парасаттылықпен, біліммен, сабырлықпен қорғау қажеттігін, еліміздің біртұтастығы реформаларымыздың табысты жүзеге асуының басты кепілі екенін айтты.

● ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ



МЕНШІКТІ ҚАРАЖАТЫҢЫЗ ҚАНША?

Цифрлар әлемі қызық. Ол талдауды, пікір білдіруді сұрайды. Кейде сол стат мәліметтері жақсылыққа шақырады, кейде алаңдатарлық ойға жетелейді. Қазір әлеуметтік желілерде қызу пікірталас өрбін тұр. Елдің айтатыны қымбатшылық туралы. Айтатыны жоқ, пандемиядан кейінгі бір жыл ішінде тұтыну бағалары 50-100 процент қымбаттады. Қымбатшылықтың ең зорын тұрғын үй нарығынан іздеуге болады. Құрылыс материалдары соңғы бір жылға жетпейтін уақыт ішінде екі есе өсті.

Сұ Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

Біздің білуімізше, халықтың тұрмыс деңгейін айқындайтын экономикалық өлшем таразының бірі – макроэкономикалық көрсеткіш. Алдымен әңгімені жақсылықтан бастайық. Жуырда қолыма Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің статистикалық бюллетені түсті. Қаптаған цифрлар. Бірақ сол цифрларды «сөйлете» білсең – мақсатына жеткенің.

Депозит көрсеткішіне тоқталайық. Айталық, 2021 жылдың қыркүйек айындағы мәліметтер не дейді? Осы уақытта Қазақстан Республикасындағы барлық депозит салымдарының мөлшері 22,5 трлн теңгені құрайды. Оның тең жарымына жуығы заңды тұлғалардың салымы яғни, ол 10 трлн теңге. Цифра көңіліңіз толады. 22 трлн теңге жай есептеулер бойынша Қазақстанның екі жылға жуық бюджетін құрайды. Бұл – жай ғана біздің салыстыру үшін келтірген мәліметіміз.

Депозит салымы бойынша Алматы қаласының тұрғындары көш басында келеді – 10 трлн теңге. Демек, әу баста бұрынғы астананы еліміздің қаржы орталығы деп бекер айтпаған ғой деген пікір келеді ойға. Одан

кейінгі үлесті Нұр-Сұлтан қаласы алады. Үлесі – 4,4 трлн теңге. Өндірісті өңір Қарағанды мен Павлодар облыстарының табысты аймақ ретінде атап көрсетуге болады. Әсіресе, қарағандылықтардың үлесі 1,1 трлн теңге. Мұнайлы өңір – атыраулықтар салымдар үлесі бойынша алдыңғы қатарда. Айтпақшы, олардың қатарына Шығыс Қазақстан өңірін қосуға болады. Өрқайсысында 685-700 млрд теңгенен депозит үлесі бар. Сол сияқты шымыңтестіктер үлесі жоғары. Бұл – біздің бизнес өкілдерінің бас қосқан аймағы.

Қызылорда, Ақмола, Жамбыл, Қостанай, Батыс Қазақстан өңірлерінің шамалас екенін бұрыннан білеміз. Қазақстанның өңірлік өнім көрсеткіштері бойынша бұл аймақтар әдетте кестенің екінші оңдығының қатарында жүреді. Оған қазір Түркістан облысы қосылды. Қызық үшін айта кетейік, Қызылорда облысындағы 290 млрд теңге депозиттің 286 млрд теңгесі қаланың үлесінде. Еліміздің барлық өңірінде халықтың өндірістік, сондай-ақ өмір сүруге қолайлы қалалық аймаққа көшуіне байланысты туындаған проблеманы айту үшін көп уақыт керек. Бұл енді қазір Қазақстан емес, бүкіл әлемдік проблемға айналды. Күнкөріс үшін елдің қалаға қарай беталуы белең алды. Мұны тұрмыс деңгейін сарпақа салғанда әлгі депозит салымдарының мөлшерінен айқындауға болады. Қысқасы, депозит салымдарының 95 проценттен жоғары үлесі облыс орталығы халқының меншігіне тиісті.

Мәселенің бұдан да зорын айтайық. Қазақстандағы 19 млн халықтың меншігінде қаншалықты нәпақа бар? Әлгі жоғарыда айтқан 22 трлн теңге депозит қанша адамның үлесіне тиеді? Бұл – енді сараптауға, талдауға қиын, шырғаланға толы күрделі мәселе.

Қазір Қазақстанда табыс туралы жаппай декларация тапсыру кезеңі жақындап қалды. Бұл – өмірдің өзі талап етіп отырған заңдылық. Еуропада, әлемдегі өркенетті елдер осындай жолмен жүреді. Бұл да дұрыс шығар, бәлкім...

«Бизнеске арналған Үкімет»: Ашық, қолжетімді, ыңғайлы

Өңірде «Бизнеске арналған Үкімет» орталығы кәсіпкерлерге қажетті кенестер беріп, жобаларын сүйемелдеу бағытында жемісті жұмыс жасауда. Мекеме «бір терезе» қағидаты бойынша бизнесті қолдау мен дамытудың барлық шараларын бір орталықтан көрсетеді.

«Бизнеске арналған Үкімет» КММ директоры Батыржан Аймағанбетовтың айтуынша, мекеме алғашында облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасы жанынан құрылған. Бағыты заманға сай өзгеріп, кәсіпкерлікті дамыту – мемлекет саясатының негізгі басымдығы болғандықтан, сол кездегі облыс басшылығының бастамасымен кәсіпкерлерге қызмет көрсететін орталық ашу қолға алнды.

Осылайша, кәсіпкерлерге архитектура, жер, техникалық шарттарды беру, заңгерлік кенестер, мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру, несиелендіру, соның барлығын жеткізетін, мемлекеттік мекемелердің қызметтерін орталық ашу туралы шешім қабылданды. Сөйтіп, 2016 жылы 7 желтоқсанда облыс әкімінің қаулысына сәйкес, «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы» құрылып, 2017 жылдың 30 қаңтарынан жұмысын бастады.

Өткен жылдың басында ҚР Үкіметінің отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бизнеске арналған Үкімет» жобасын жүзеге асыруды тапсырды. Облыста Президент тапсырмасын Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы негізінде жүзеге асыру жоспарланды. Себебі жоба мен орталықтың атқарып жатқан жұмысы бірдей еді.

Осыған байланысты бытыр мамыр айында облыс әкімінің қаулысына сәйкес «Бизнеске арналған Үкімет» болып қайта аталып, жобаға сай жана форматта жұмысымыз бастадық. Алдағы желтоқсан айында орталықтың кәсіпкерлік саласында жұмыс істегеніне 5 жыл толады. Сол уақыт аралығындағы нәтиже жаман емес. 2017 жылы 4 бағыт бойынша 40 қызмет түрін 2439 кәсіпкерге, 2018 жылы 6 бағыт бойынша 60 қызмет түрін 6067 кәсіпкерге көрсеттік. Сондай-ақ, 2019 жылы 10546 қызмет көрсетілді. Бытыр пандемияға қарамастан, өз жұмысымызды тоқтатпай, онлайн, офлайн, қашықтан да жұмыс жасап, 13 488 қызмет көрсеттік. Биылғы меже – қызмет санын 15 мыңға жеткізу, – дейді Б.Аймағанбетов.

Орталық облыстың «Қызылорда су жүйесі» ЖШС, «Қызылорда жылу энергетикалық орталығы» МКК, «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың дирекциясы, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ секілді монополия субъектілерінің барлығымен меморандум жасаған.

2-бет

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Түлігі сау шаруаның тіршілігі өнімді

Облыс әкімі Гүлшара Әбілқалиқыраева облыстық ветеринария басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаевты қабылдады. Онда басқарма тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар сараланды.



Мал ауруларының алдын алу мақсатында биыл аса қауіпті 16 түрлі жұқпалы ауруларға республикалық бюджет есебінен қаралған 6311,2 мың доза ветеринариялық препараттың бүгінгі таңда облысқа 99,7%-і жеткізілген. Қазіргі күні бекітілген 11 айлық жоспарға сәйкес алдын ала егу жұмыстары 95,9 процентке орындалды. Сонымен қатар, жануарлардың 6 түрлі энзоотиялық ауруларына облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, қажетті ветеринариялық препараттар толық сатып алынды және бекітілген 11 айлық жоспар 94,2% жүргізілді. Басқарма басшысының айтуынша, жыл басынан бері бруцеллез ауруына қарсы диагностикалық тексерудің нәтижесінде 47 бас МІҚ, 248 бас уақ

мал оң нәтиже көрсетті. Оның ішінде, шектеу қойылған 7 ошақта ауру мал анықталды. Шектеу қойылған ошақтарда сауықтыру жұмыстары толық жүргізіліп, ауру мал ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкес уақытылы сойылды, мал иелеріне 4430 мың теңге өтемақы төленді.

Сондай-ақ, аймақта бірдейлендіру жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілуде. Осы жылдың 1 қарашасы күніне ақпараттық жүйеде 391,9 мың бас МІҚ, 841 мың бас уақ мал, 188,5 мың бас жылқы, 58,3 мың бас түйе, 1,6 мың бас шошқа тіркелген.

Ауыл шаруашылығы жануарларына, олардың өнімдері мен шикізатына берілетін ветеринариялық анықтамалар «Бірыңғай автоматтандырылған басқару жүйесі» арқылы рәсімделуде. Жыл басынан 41675 дана ветеринариялық анықтама беріліп, мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Баяндама барысында басқарма басшысы Жаңақорған, Қазалы аудандарында судан улану салдарынан мал

шығыны орын алуының алдын алу үшін атқарылған жұмыстарды баяндады.

Жаңақорған ауданындағы жеке қожалық пен шаруа қожалықтарындағы мал саны (32931 бас МІҚ, 56207 бас уақ мал, 12128 бас жылқы, 856 бас түйе) анықталып, қолданыста 31 құдық бары және әкімдік пен шаруашылық тараптарынан 22 құдық қазу қажеттілігі нақтыланды. Қазіргі күні ол толық қазылып, пайдаланылуда.

Сонымен қатар, 2013 жылдан бері жаңартылмай, тозығы жеткен материалдық-техникалық жабдықтау мәселесі көтеріліп, ветеринариялық ұйымдарға компьютер, оргтехникалар, қызметтік автокөліктер алу қолдау тапты.

Сондай-ақ, Шахмардан Сұлтанбекұлы жануарлар ауруларының алдын ала егу жұмыстары нәтижесінде облыс көлемінде аса қауіпті жұқпалы аурулар тіркелмей, эпизоотиялық тұрақтылық сақталып отырғанын мәлімдеді.

Қабылдау сонымен облыс әкімі басқарма басшысына бірқатар тапсырма берді.

● БРИФИНГ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА – 30 МӘДЕНИ ІС-ШАРА

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында 30 мәдени іс-шара ел назарына ұсынылмақ. Алғашқы шара «Нұрлы таң» атты халықаралық, республикалық, конкурстардың лауреаты Сымбат Тасбергенованың шығармашылық кешімен басталады. Сондай-ақ, Тәуелсіздікке тарту ретінде «Сыр өңірі фольклоры антологиясының» I томы «Жанқожа батыр» деген атпен жарыққа шығып, оқырманға жол тартқаны баршаңызға мәлім.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Аскарбек Есжанов баяндады.

– Тәуелсіздікті ұлықтауға арналған іс-шаралар жыл көлемінде өткізіліп келеді. Ең ауқымды шара ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесін қорытындылауға арналады. «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына – 30 рухани-мәдени шара» атты жоспар бекітілді. Атап айтсақ, 18-19 қараша күндері республикаға белгілі өнер иесі, ақын, энциклопедист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елена Әбдіхалықованың әндерін орындаушылардың «Жасай бер, Қазақ елі!» атты республикалық конкурсы мен гаала-концерті өткізіледі. Бұған қоса, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының «Сыр әзілі» атты әзіл-сықақ отауы 26 қараша күні көрерменге жаңа бағдарлама ұсынбақ.

Ал 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне орай «Көш бастаған Елбасы», «Кемеңгер қобасшы», «Елбасы жолы», «Тұлға. Елбасы. Тарих» атты мерекелік шаралар, 4 желтоқсан күні республикамызға белгілі режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі Хұсейін Әмір-Темірдің «Тәуелсіздік төріндегі театр» атты шығармашылық кеші ұйымдастырылады. Сондай-ақ, Қазақтың ақын, Өлке би кентінде қол бастаған қобасшы Жаналтөбе бабалардың ескерткіші ашыла, Жалтөбе жаурау Кошпеней Рүстембекұлының 75 жылдығына арналған «Жүрегі жауһар жампозым» атты театрландырылған қойылым-концерт өтеді. 15 желтоқсан күні Н.Бекежанов атындағы театрда «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» атты мерекелік салтанатты шара ұйымдастырылады, – деді басқарма басшысы.

Сондай-ақ, 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – еліміздің еркін жолы», «Әлем таныған Қазақстан» тақырыптарында фото, кітап көрмелері, музей залдары бойынша экскурсиялар, Желтоқсан оқиғасына қатысушылармен кездесу шаралары, мерекелік концерттер өткізіледі.

«Сb» ақпарат

«Бизнеске арналған Үкімет»: Ашық, қолжетімді, ыңғайлы



Айталық, монополистерге барған кәсіпкер кәсіпкерлік нысанын іске қосу үшін қадімгі техникалық шартты алуға бір ай уақыт жұмсауы мүмкін. Меморандум аясында орталық кәсіпкерге керекті техникалық шарттарды 5 күн ішінде алып бере алады. Республика бойынша бұл бағыттағы қызметі жөнінен «Бизнеске арналған Үкімет» орталығы үздік үштік қатарында.

Тағы бір айта кетерлігі, 2020 жылдың қаңтарынан бастап Президент тапсырмасына сәйкес, орталықтан инвесторларға, инвестициялық жобаларды сүйемелдеуге арналған қосымша фронт-офис ашылған. Онда білікті мамандар, ағылшын, қытай тілі аудармашылары бар. Олар аймақ кәсіпкерлеріне шетелдерден келген инвесторлармен байланыс орнатуға тегін қызмет көрсетеді.

Орталықта көрсетілетін қызмет түрлері жыл санап көбеюде. Оған салаға тұрақты анализ жасап, кәсіпкерлермен жиі кездесулер ұйымдастыру, еліміздің өзге өңірлерімен тәжірибе алмасу іс-шаралары ықпал еткен. Бүгінде мекемеде 33 адам қызмет етеді. Облыс орталығы, барлық аудандар мен Байқоңыр қаласында да өкілдері жұмыс жасайды.

– Бір сөзбен айтқанда, біз – қызмет көрсетуші мекемеміз. Кәсіпкер келіп, біздің мекемеге өзінің атынан сенімдік береді. Біз сол кәсіпкердің өкілі ретінде барлық мекемелерге барып, сүйемелдеу жасаймыз. Ең танымал қызмет түрі – бизнес-жоспар. Түрлі мемлекеттік бағдарламаларға, мемлекеттік гранттарға қатысу үшін бизнес жоспарды тегін жасап береміз. Қазіргі уақытта жеке адамдар ең қарапайым бизнес-жоспарды 50 мың теңгеге жасайды. Біздің тарапымыздан бұл қызмет тегін көрсетіледі. Мысалы, бизнес қараша айына дейін 2793 бизнес-жоспар жасап бердік. Олардың ішінде кәсіпкерлер, қызметін енді бастағандар да бар. Тағы бір айта кетерлігі, біз арқалы кәсіп бастағысы келгендер кәсіпін тіркей алады. Салық саласына

қатысты 17 анықтаманы алып бере аламыз. Сөйтіп әрі қарай сүйемелдей береміз. Мысалы, бірер жыл бұрын тіркелуге келген кәсіпкер кейін техникалық шарт алуға, жаңа нысан құрылысын бастауға келеді. Біразы бүгінде үлкен жобалармен жұмыс жасап, қызмет аясын кенейтіп жатыр. Сондай кәсіпкерлердің қалыптасу кезеңі көз алдымызда, – дейді «Бизнеске арналған Үкімет» КММ директоры.

Жыл басынан бері мекеме техникалық шарт алу бойынша – 2362, сәулет және қала құрылысы қызметтері бойынша құжаттар рәсімдеу – 949, жер мәселесі бойынша – 1097, мемлекеттік кірістерге қатысты 4181 кәсіпкер көрсеткен. Бір сөзбен, кәсіпкерлік қызметті қолдаудың барлық саласын қамтиды деуге болады. Тіпті жарнама эскизін жасау бойынша да көмек көрсетеді. Дизайнерлік қызметі де тегін. Оған қоса, бүгінде кәсіпкерлікті қолдау саласындағы облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы, «Бизнеске арналған Үкімет», Өңірлік инвестиция орталығы, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасы мен «Азаматтарға арналған үкімет» ЖАҚ-ның филиалы, осылардың барлығы бір ғимаратта жұмыс жасауда. Бұл кәсіпкерлерге тиімді болу үшін ойластырылған.

«Бизнеске арналған Үкімет» орталығының кәсіпкерлерге 10 бағыт бойынша тегін көрсететін 90 қызмет түрі туралы толық ақпаратты caserker.online сайтынан алуға болады. Бұл – мемлекет пен бизнестің бірыңғай қызмет көрсету қағидаты бойынша өзара іс-қимыл форматы.

«Бизнеске арналған Үкімет» бірыңғай офисінде кәсіпкерлер өз бизнесін дамыту, құзыретін арттыру мен қаржыландыру мәселесі бойынша барлық қызметтер мен консультация алады. Батыржан Аймағанбетовтың айтуынша, соның арқасында бизнес өкілдері бұрынғыдай мемлекеттік органдардың табалдырығын тоздырмайды. Бұл дегеніміз – бизнесті қорғау.



Аймақтық кеңестің көшпелі отырысы

Кеңес мүшелері алдымен «Жаңақорған» шипажайында болып, мүмкіндігі шектеулі жанрлар үшін орталықтың бейімделуі мен әлеуметтік портал қызметі назарға алынды. Мұнан соң жұмысы топ №28 «Алпамыс» санаториялық бөбекжай-балабақшаның және М.Қаратаев атындағы №51 орта мектептегі аудандық сайлауды бағдарлама негізінде ашылған инклюзивті кабинеттің жұмысына шолу жасалды.

Аймақтық кеңес мүшелері сапар барысында «Бақытты отбасы» мекемесінде де болды. Кеңес мүшелері жауапты сала мамандарын қатыстыра отырып, партия филиалы ғимаратында көшпелі отырыс өткізді. Жиынды кеңес төрағасы А.Есқараева жүргізді. Аудан әкімінің орынбасары Д.Тұрсынбаев Жол картасының әлеуметтік және білім бағыты бойынша атқарылған жұмысты баяндады.

Сондай-ақ, жинды кеңес мүшелері «Бақытты отбасы» мекемесінің қазіргі ғимараты сәйкес келмейтінін айтып, мүмкіндігінше үлкен ғимаратқа ауыстыру туралы аудан әкімінің орынбасарына ұсыныс берді. Облыстық мәслихат депутаты Аида Абибуллаева М.Қаратаев атындағы №51 орта мектептегі инклюзивті кабинетке мүмкіндігі шектеулі балалардың белсенді келмейтінін айтып, олардың ата-аналарына насихат жүргізіп, арбада отыратын балаларды ар-

найы көлікпен тасымалдауға жағдай жасау қажеттігі туралы ұсыныс білдірді. Жиынды кеңес мүшелері 2020 жылғы партиялық бақылау комиссиясының мониторинг жұмысы барысында №28 «Алпамыс» санаториялық бөбекжай-балабақшасына берілген сын-ескерткіштер бойынша балабақша ғимараты толықтай жөндеуден өтіп, кемшіліктер түзетілгеніне де тылге тиек етті.

«Сb» ақпарат

ТӘУЕЛСІЗДІК: 2009-2010 жылдар

Осы жылы аймақта пайдалануға берілген тұрғын үйлердің аумағы 21,5% өсті. «Сырдария» шағын ауданының 50, 40, 30 пәтерлі қоспабұтты үйлер бой көтере бастады. Жаңа мешіт пайдалануға берілді. Ол «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешіті деп аталады.

Аймақта табиғи газ өндіру көлемі артты. Қаланы газдандыру қарқын алды. Жылу-электр орталығындағы бу қазандықтары мен турбогенераторлар газға көшті. «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы мен облыс әкімдігі арасында келісім-шартқа қол қойылып, 1000 текше метр газдың бағасы 5613 теңгеден 3595 теңгеге дейін арзандаған.

Экономиканың құбылып, жұмыссыздықтың өсуі инфляцияны, яғни, бағаны тежегімен, екінші теріс құбылыс – дефляцияны туғызды. Бұл Қазақстан сияқты негізгі экспорты шикізатқа тәуелді елдерге әсер етті. Елбасы тапсырмасына сәйкес, 1-бөт

Қазақстан Үкіметі дағдарысқа қарсы шаралар кешенін жүзеге асыра бастады. «Қиын күндері біздің халқымыз қашанда біріге білген, соның арқасында жеңіске жете білген» делі Президент.

Халық санағы басталды. Аймақта 3166 санақ қызметкері іріктеліп алынған. Олар науқан кезінде халықтан сауалнама алу үшін әр пәтерге барып, мәліметтер жинақтап, қағазға түсірді. ҚР Тұңғыш Президенті Ұлттық халық санағының басталуына орай Үндеу жарияланды. «Тәуелсіздік алғалы алғаш рет өткізіліп отыр. Еліміздің өсіп-өркендеуі мақсатында, болашақты болжап, стратегиялық бағытын тағы да айқындай түсуі үшін, халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсарту, мемлекеттің нығайуы баршамыз үшін ең маңызды» делі Президент.

Аймақтық мәдени өмірінде де елеулі өзгерістер орын алды. Облыстың 70 жылдығы, қаланың 190 жылдығы аталып өтілді.

Дәл осы жылы облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-проспектілік орталығы жанынан Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Қарақоз Ақдәулетованың жетекшілігімен облыстық балалар студиясы құрылды. Сыр бойының төлтума өнерін, ұлттық фольклорын насихаттау мақсатында «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі, «Сыр салмағы» вокалды-аспапты ансамблі құрылды. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасы 400 мың дана кітап қорын сақтауға арналған титтік жобала салынған және ғимаратқа көшірілді. Сыр еліне жұмыс сапарымен келген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев облыстық кітапханада болып, зиялы қауыммен және жастармен кездесті.

2010 жыл да тарих бетінде маңызды оқиғалармен сәтталуы тұр. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Қазақстан Президентінің ұсынысын мақұлдап, 29 тамызда Халықаралық ядролық

қару-жаратқа қарсы күрес күні де жарияланды. Дәл осы жылы Қазақстан Еуропаның Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына төрағалық етіп, желтоқсан айында елімізде саммит өтті.

Қоршаған ортаны қорғау министрі Нұрғали Әшімов «2010 жылы ұжас жобаларды Қызылорда облысының суармалы жерлері мен Қазақстан аумағының шөлейттенген жерлерінде іске асыру жоспарлануда» деп жариялады.

Бұл жылы мәдениет саласында Сыр өңірінде алғаш рет жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі бекітілді. Ата басында «Сыр бойы» газеті 80 жасқа толды. «Сыр бойы газеті» 80 жылдық белеріі белесіне барыпша кемелденген шағында келіп отыр. Сыр бойы халқының қоғамдық өмірінің барша қызметінен шегендеп сыр шертеді. 70 жылдан астам тарихы бар облыстың шежіресі іспеттес» деді облыс әкімі құттықтауында.

● МЕЗГІЛ МІНЕЗІ

Қарашада қыс келді

Қыс ерте түсіп, жаңбырдан соң қар жауды. Салдарынан облыс орталығының біршама бөлігі жарықсыз қалды. Тұрғын үйлердегі жылу өшіп, ауысу да тоқтапты. Қаланың іші қойтайғаққа айналды.

– Көшелерге құм мен тұз себу жұмыстары жүргізілуде. «Қызылорда тазалығы» ЖШС-ның 100-ден астам қызметкері және арнайы техникалар тунгі сағат 01:00-ден бастап қала көшелерінде қарды тазалау жұмыстарына қосылды. Қазір де тиісті мекеме күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Ауа райының қолайсыздығынан туындаған электр желілеріндегі ақауды қалпына келтіру үшін 14 бригада жөндеу жұмыстарын жүргізуде, – деді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жол-лаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Бауыржан Оспанов. Жарық жалп етсе, оған тәуелді тіршіліктің аяғы тұсалатыны сөзсіз. Күні кешегі, әсіресе, таңғы уақыттағы көлік қозғалысының қиындығы жұртты әбгерге салды. Деректер бойынша облыста 17 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, салдарынан 1 адам дене жаракатын алған. Республикалық маңызы бар жолдарда қойтайғақтан көлігінің басқару

жүйесіне ие бола алмай, жолдан шыққан 15 автокөлік иесіне патрульдік полиция рота қызметкерлері көмек көрсеткен.

– 200-ден астам патрульдік полиция жұмылдырылды. Олар осындай жағдайларда қандай әрекет жасау керек екендігін біледі. Көлік құралдары тоқтап қалғанда эвакуаторды шақыру, қажет болса елді мекеме жеткізу, көлік құралының қозғалтқышын жылыту, эвакуациялау жұмыстарын жүргізеді. Біз қызметкерлерімізді кез келген қиындыққа дайын болуға үйретеміз. Азаматтардың қауіпсіздігін, құқықтарын қорғауды үнемі назардан тыс қалдырмаймыз, – деді облыстық полиция департаментінің басшысы, полиция полковнигі Сұлтан Бектөре.

Инженер-снопник Мағжан Сәдуақасовтың айтуынша, қараша айының 20-на дейін қалада суық ауа райы сақталады. Ауа температурасы күндіз –05, кешке –10, –15 градусқа дейін суытпақ.

«Сb» ақпарат



ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – 180

ӘР САНАДА СӘУЛЕЛЕНІП, ӘР КЕУДЕДЕ ЖАРҚЫРАҒАН

Халқымыздың аса көрнекті ағартушы педагогы, жазушы, балалар әдебиетінің негізін қалаушы, этнограф ғалым, ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсарин туралы тамаша әңгімелер айтуға болады.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ, «Сыр бойы»

Қазақтың біртуар тұлғасы Ы.Алтынсарин 1841 жылы қазіргі күнгі Қостанай облысының өз есімімен аталатын ауданында өмірге келген. Шын есімі – Ибрагим.

Ибрагим есімін иеленген ұлы тұлғалардың бірі қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев, екіншісі – жалпақ тілде Ыбырай аталып кеткен осы Алтынсарин ағамыз.

Әкесі Алтынсарин Кеңесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс кезінде мерт болып, Ыбырай үш жасында әкесінен айырылады. Ал, атасы Балғожа Жаңбыршыұлы жұзбасы, Қыпшақ руының Ұзын тармағын басқарған. Ол – ұзақ уақыт Орынбордағы погран комиссиясы кол астанда, старшина болып қызмет істеген, патшана үкіметінен шен-шекпен алған ірі феодалдың бірі. Белгілі би, дәулетті кісі болған. Ыбырайдың шешесі Айман Шегенқызы – жау жүрек, хас батырдың ұрпағы. Әскери «тархан» атағын қазаққа тұңғыш алған батыр, мәмілергер Жәнібек Қошқарұлы – Ыбырайдың нағашы ұлы атасы.

Ыбырай 1850 жылы Орынбор шекара комиссиясының қазақ балалары үшін ашқан мектебіне оқуға түскен. Мектепті бітірген соң, 1857-1859 жылдары әскери старшина болып қызмет атқаратын үлкен әкесі Балғожа Жаңбыршыұлының хатшысы болады. Орынбор облыстық басқармасында тілмаштық қызмет атқарады. 1860 жылы оған Орынбор бекінісінде (Торғай) қазақ балалары үшін мектеп ашып таспырылады әрі сол мектепке орыс тіліннің мұғалімі болып белгіленеді. Ұстаздық-ағартушылық қызметке қоса Ыбырайға басқа да жұмыстарды атқару жүктеледі. Ол кісі сот саласында да қызмет атқарған.

Орынбор генерал-губернаторының тікелей тапсыруы бойынша Торғайда 1868-1874 жылдары төрт рет уездік судья болып, онан кейінгі жылдары Торғай уездік бастығының аға жәрдемшісі қызметін атқарады. Ыбырай инспекторлық қызметке кіріскен соң оқу-ағарту жұмыстарын одан әрі жалғандырып, Елек, Қостанай, Торғай, Үрғыз уездерінде бір-бірден екікластық орыс-қазақ мектептерін ашып, оларды қажетті кітаптармен жасқайтты. Әсіресе, елдің көшпелі өмір салтын ескеріп, Ресейдің халық ағарту жүйесіне жаңа үлгілі білім беру тәсілін ұсынысты. 1876 ж. 10 сәуірде Орскіде бастауышы мектептер үшін қазақ жастарынан оқытушылар даярлайтын мұғалімдер мектебі ашылды. Ыбырай мұнан әрі қазақ жастары арасынан экономика, ауыл шаруашылығы, қолөнер кәсіпшілігі салаларына қажетті мамандар даярлайтын училищелер ашуға көп күш жұмсайды. Тіпті, Қостанайдан ашылатын ауылшаруашылық училищесіне өзінің иелігіндегі жерін беретіні туралы өсиет қалдырды.

Ыбырайдың қазақ қыздары үшін Торғайда, Қостанайда, Қарабұтақта, Ақтобеде мектеп-интернат аштыруының тарихи мән-маңызы зор болды. Ыбырай орыс-қазақ мектептері үшін арнаулы оқу құралдарын шығару қажет деп санады. Оқыту әдістерін жаңа бағытта құруды, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздеді, оқуды ана тілінде жүргізді.

Қазақ балаларының танымы-түсінігіне лайықты оқу-әдістемелік құралдар жазды. Ол орыс-қазақ училищесінде Ушинскийдің «Балалар дүниесін», Л.Н.Толстойдың «Өліпше жонте оқу құралын», Д.И.Тихомировтың «Грамматиканың қарапайым курсы» оқу құралы ретінде ұсынды. 1879 жылы оның «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығы және дидактикалық оқу мәселесі жөнінде «Қазақтарға орыс тілін



үйретудің бастауыш құралы» жарық көрді. Бұл екі кітап та қазақ балаларын кириллица негізінде оқытуға арналған тұңғыш оқу құралдары болды. Ыбырай ағамыз орыс ғылымы терең меңгеріп қана қоймай, орыс зиялыларымен етене қарым-қатынаста болған. Ол әсіресе әйгілі орыс ағартушысы, миссионер Ильминскиймен жақын араласқан, онан да басқа орыс достары көп болған. Бұл жайтты мектеп оқулықтарынан да білеміз. Алайда, біздің білмейтініміз де көп. Ағамыз дінді жетік меңгерген адам, шариғат заңдарын берік ұстанған. Бірақ, кеңестік идеология ол кісінің бұл жақтарын ашқан жоқ. Тіпті, «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңіндегі «бір Аллаға сыйынып» деген тіркесті сызып тастады. Ағамыз шариғатқа сай өзі дүниеден өткенде жаназасына орыстардың қатыспау керектігін айтыпты. «Менің қазамды аза тұтуға бірде-бір орыс адамнан араластырмаңдар, тіпті маған етене жақын жүрген жандар болса да жуытпаңдар», — деп тапсырған. Ғалым-ұстаздың этнография саласындағы еңбектері халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын қарастырады. Оның бірінде өлген адамды жерлеу және оған ас беру, екіншісінде құда түсу, қыз ұзату салттары туралы айтылады. Сонымен бірге, ағамыздың «Мұсылмандық шарты» деген діни оқулық жазғанын біріміз білсек, біріміз білмейміз.

Ыбырайдың әйелі Айғаным анамыз үй ішінде немесе ауылда адамдардың үйлеріне қонаққа барғанда жаулық тартып жүретін болса, орыс таныстарының үйлеріне ерімен барғанда мақпал қамзол, қамшат бөрік киіп барған.

Ы.Алтынсарин жазба әдебиетке тән проза жанрының да негізін қалады. Ол – тұңғыш рет балаларға арнап әңгіме жазған каламгер. Қазақ жастарын ең алдымен оқу, өнер-білім, техниканы игеруге шақырушы Ыбырайдың:

«Оқысаңыз, балалар, Шамнан шырақ жағылар. Тілгенің алдынан, Іздемей-ақ табылар», — дейтін өлеңін біріміз де жаттап өскенбіз.

Бұл өлең – баланы жігерлендіру, арманға талпындыру қызметімен қай заманға да дөп тұса беретін өсиет. Автор оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына мән береді. Бұған иімен құдық қазғандай ыждаһаттылық, талап пен сабырлық қажет екенін ескерттеді. Ал, оқымаған надандарды ақын аз ғана сөзбен сынап, олардың ақ қараны айырмайтын көрсөкыр екенін айтады.

Оқу, білімнің пайдасы кандай, ол неге керек деген мәселеге келгенде, оның өмір үшін, болашақ үшін қажет екенін талдап көрсетеді.

«Ата-анан қартайса, Тіреу болар бұл оқу. Қартайғанда мал тайса, Сүйеу болар бұл оқу», — дейді ұстаз.

Жастарды өнер-білімге шақыру, техниканы игеруге үндеу ақынның басты тақырыбы болды. Өйткені, ол қазақ балаларының басқа жұртпен тең өскенін қалады, өз ұлтының жарқын болашағын жасауды көседі.

Ол өнер-білімі жетілген елдердің артықшылығы қандай, олар сол өнерімен неңі игеріп отыр, ертеңгі өмірдің талап-тілектері не деген секілді күрделі мәселелерді жастар алдына қолденеңдей тартты.

«Адамды құстай ұшырды, Мал істейтін жұмысты, От пен суға түсірді. Отынсыз тамақ пісірді, Сусыздан сусын ішпеді», — деген өлең Ыбырайдың сәулетілік, көріпкелдік деңгейін де паш ететін еңбегі. Өйткені,

РУХАНИ
ЖАҒЫРУ

Қазан төңкерісінің хабары алақандай «Ортақшыл» ауылына да жетті. Ел ішінде жаңадан құрылған кеңес өкіметінің саясаты кенінен тарала бастады. Әсіресе, бай-кедей емендей, баршаның баласы тегін білім алатыны елді қуантқан ең басты жаңалық еді. Тап сол тұста отбасын асыраудың онтайлы жолы әркімнің қолында барын ортаға салып, алғашқыда артель, одан соң колхозға бірігу болатын. Осылайша ел қолдарындағы бірлі-жарым қара-құрасын ортаға салды. Әр үйден ұстап жинап арпа-бидай екті. Сондықтан болар, бұл елді мекен «Ортақшыл» деп аталған еді.

Сб Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Арманы орындалған Ұстаз

Ол осы «Ортақшылда» туып-өсті. Бала кезден арманы әр қазақтың баласы ешкімге ақысын жетізбей, қатарымен тең болса дейтін. Енді, міне, сол арманын іске асыратын шақ туды. Бірақ оны қалай ұйымдастыруға болады? Ауылда мектеп жоқ, парта мен такта түгілі, жазатын қағаз-қалам да жоқ. Не істеу керек? Көп ойлан-ды. Қалай болғанда да, осы іске өзі бастамашы болып, ұйымдастыру керек. Сол уақыттың ең басты талабы – елді жаппай сауаттандыру. Ендеше, ел алдындағы жауапкершілік жүгі еселен артты деген сөз.

Бұл 1934 жыл болатын. Ауыл халқы асарлағып екі бөлмелі шағын үй салды. Осылайша қамыстан соғылған қақыра мектеп ауылдың алғашқы білім алушыларын қабылдады. Алғашқыда тек бастауышқа арналған білім ошағы соғыстан кейінгі жылдары жеткіздік мектеп болып қайта салынды. Айтпақшы, алпысыншы жылдары даяр тасып, ауылды су басқан мектептің қабырғасын құлап, тұрғындардың еңбегін қайта салынды. Осылайша көптеген қиындықтарды басынан өткерген білім ошағы 1969 жылы облыстық атқару комитетінің шешімімен №150 орта мектеп болып құрылды.

Әңгімеге арқау болып отырған кейінгіміз – Шиели өңірінің тумасы, сонау колхоздастыру кезінде елдің алдында жүріп, халықты сауаттандыруға қалтқысыз қызмет еткен Қазақ ССР Халық ағарту ісінші озаты Мінәт Қалдыбаев. Өмір жолы онегеге тұнған ұлағатты ұстазды жарық көргенді Арқалық қаласында Ыбырай мұражайы ашылды. Тобыл бойындағы Ыбырай қыстауы жанында, мүрдесі қойылған жерде, күмбезді мазар орнатылды.

Ағамыздың туған жерінде «Омар құдығы» аталатын орын бар. Ол Қостанай облысы Алтынсарин ауданының М.Хакімжанова атындағы ауылдық округінің Сатай ауылынан онтүстік-шығысқа қарай 5 шақырым жерде орналасқан.

Сөз реті келгенде қазақ өлеңінде өзіндік өрнегімен қалған Мариям Хакімжанова туралы айта кеткіміз де орынды. Көрнекті ақын, Қазақстанның халық жазушысы М.Хакімжанова 1906 жылы Қостанай облысында өмірге келген. Өткен ғасырдың отызыншы жылдары «Әйел теңдігі» журналында қызмет жасаған. Қазақстан Жазушылар одағында, Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында еңбек еткен. Көптеген шет ел әдебиеттерін қазақша аударған. Өзінің де өлеңдер жинағы – орыс, өзбек, қарақалпақ, қырғыз, қытай, беларусь, армяндар тілдеріне аударылған. Алматы қаласының көшелерінің біріне М.Хакімжанова есімі берілген. Ақын атымен аталатын мектеп, кітапхана, басқа де мәдени ошақтар бар.

Енді жоғарыдағы деректерді жалғастырайық. Бұз айтып отырған «Омар құдығы» маңында Балғожа бидің ауылы болған. Ыбырай дәл осы жерде дүниеге келген.

2017 жылдан бастап Ы.Алтынсариннің туған жері «Омар құдығы» Қостанай облысы киелі нысандардың аймақтық тізіміне енгізілді. Қазақстанда Ыбырай Алтынсарин атында аудан, ауылдар, жоғары оқу орындары, саябақтар бар, тіпті ол кісінің атына тау шыңы да берілген.

Шын мәнінде Ыбырай тұлғасы – биік шың, халық санасына түскен сауле. Жыл сайын мұғалімдер мерекесі қарсаңында білім саласына сіңірген еңбегі ескеріліп, білім беру және тәрбиелеу бағдарламаларын іске асырудағы елеулі жетістіктері еске алынып, озат мұғалімдер ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталады.

Осылайша, Ыбырай ағамыздың бейнесі мыңдаған мұғалімдердің кеудесінде жарқырап тұрады.

Мінәт Қалдыбайұлының ұстаздығымен қатар шығармашылық еңбектері де елдің жадында. Сол кезеңдегі білім беру саласының жаңа міндеттері жайлы мақалалары баспасөз беттерінде жиі жарық көретін. Тіпті бірнеше басылманың меншікті тілшісі болып қызмет атқарды. Тағы бір айта кететін еңбегі – XIX ғасырдағы қазақ ақыны Шәдітөре Жаңғирулының 16 мың жолдан тұратын «Хандар шежіресі» дастанын арабшадан қазақшаға аударған.

Бұдан бөлек, саяси, философиялық, педагогикалық және методикалық жазбалар сияқты ғылыми еңбектер ұстаздың күнделікті тұтынатын дүниелері болатын. Мақала авторын айтуынша, жеке кітапханада, әсіресе тіл ғылымы жөніндегі әдебиеттердің алатын орны бір төбе. Ежелгі ауыз әдебиеті жөнінде де деректі материалдар жеткілікті. Тіпті Қаламахан аудармасындағы «Мың бір түннің» алғашқы нұсқасы сақталған екен.

Осы жерде Мінәт Қалдыбайұлы журналистің «Осынша кітапты жинауыңызға не себеп болды?» деген сауалына «Сол 30-жылдары, өздеріңе белгілі, ауылда ешнәрсе де болмады ғой, кітапхана түгілі, жеке кітаптар да сирек кездесетін, клуб, кино деген атымен жоқ. Газетті де сирек көретіңіз. Ауылымыз қаладан қашық болған соң осылардың бәріне мұқтаж болдық. Кітап жинауға итермелеген бірінші жағдай осы еді. Екінші жағдай, халық мұғалімдерді көзі ашық жаңдар деп біледі, сондықтан ел ішінде бекке кез көлген мәселелер төңірегінде көп сұрақ қоятын. Кеңес өкіметінің құрылған алғашқы жылдары түсінікті мәселелер жол болды ғой. Соның барлығын тәптіштеп сұрай берді. Біз қайдан жетісіп қалып едік. Білгеніне жауап бересің, білмегенге терлеп-тегішіп қысыласың. Мұғалім деген атымыз бар. Ал бір жерден оқып, көріп айтамын десен түк жоқ... Осы жағдай да кітаптар жинауға себепші болды. «Тамшыдан теңіз құралады» демекші, теріп жинай берсең толмаға берелі екен. Сөйтіп жүргенде үлкен кітапхана болып қалғанын өзім де байқамаппын» дейді.

Кейін зейнеткерлікке шыққан соң ұстаздың кітапханасына қызығушылар көп болады. Сол кезде ол өзімен сыйластыққа болған белгілі ғалым Ә.Қонаратбаевтың ақыл-кеңесімен 150-ден астам кітапты Қазак ССР тарихи ескерткіштерді қорғау академиясына табыстады. Ал 4 мыңға жуық кітабын ауылдағы мектептің кітапханасына сыйға берген екен. Сол құнды дүниелерді әлі күнге мектеп кітапханасының қорына байытып тұр.

Адам баласының қай-қайсысы да дүниеге әкелген анасынан кейін сол дүниенің қыр-сырын үйреткен ұстазының алдында құрметтен тұрады. Ал бұл қарыздың өтеуі – адамдықтың қолынан айнымай, елге адал қызмет ету. Осы тұрғыдан келгенде, аймағымыздағы оқу-ағарту ісінші негізін қалаушылардың бірі Мінәт Қалдыбайұлының ұлағатты жолы бүгінгі ұрпақ өмірімен ұштасып жатыр. Мектепке есімі беріле деген көпшіліктің ұсынысы аяқсыз қалмайтынына сенгіміз келеді.



ауылында мұндай мәртебеге Мінәт Қалдыбайұлы лайық. Ауылдағы алғашқы мектептің іргесін қалап, содан кейінгі бүкіл ғұмырын ұстаздыққа арнады. Мыңдаған шәкірт тәрбиеледі. Мектепке басшылық жасай жүріп, мықты мұғалімдердің тұтас бір шоғырын қалыптастырды. Атап айтқанда, Қожамқұл Пірназар, Жағыпар Оспанов, Шаймахан Әтеев, Есен Жарлықасинов сынды азаматтар ұстаз жолын абыроймен жалғастырып, қалтқысыз қызметімен халықтың жүрегіне қалды. Ел тарихындағы екінші дүниежүзілік соғыста ол кешіп, Отанды жаудан қорғалды. Майдандағы ерлігі үшін олардың әрбірінің кеудесінде «Қызыл Жұлдыз» ордені жарқырады. Соғыстан оралған соң ұзақ жылдар бойы ауыл мектебінде ұстаздық етіп, ұрпақ тәрбиесіне зор үлестерін қосты.

Мінәт Қалдыбайұлы ұстаздықтын ауыр жүгін арқалай жүріп, шәкірт бойына адамгершілік, ар-ұят, әдептілік пен кіншіпейілділік секілді ұлттық тәрбиені ұялата білуімен оны етегенге тұнған ұлағатты ұстазды жарық көргенді Арқалық қаласында Ыбырай мұражайы ашылды. Тобыл бойындағы Ыбырай қыстауы жанында, мүрдесі қойылған жерде, күмбезді мазар орнатылды.

Жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбы аясында үздік жарияланымдар байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Негізгі ережелер
1. Байқау сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері, жемқорлыққа қарсы тақырыптар бойынша (бұдан әрі – Байқау) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін (бұдан әрі – БАҚ) азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа төзбейтіндігін мәдениеттің көтеру, қоғамдағы сыбайластыққа қарсы көзқарасты қалыптастыратын құндылықтар жүйесін сақтап, нығыздау мақсатында өтеді.
2. Байқау жеңімпаздарын құрамында облыстық ішкі саясат басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) мен БАҚ өкілдерінен құралған арнайы комиссия анықтайды.
3. Байқауға қатысу шарттары
4. Байқауға өңірлік БАҚ өкілдері қатыса алады.
5. Байқауға мақсатына сәйкес азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін көтеруге, жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыратын құндылықтарды сақтап, нығайтуға бағытталған, келесі материалдар: бағдарламалар, документалды фильмдер, студиялық жазбалар, мақалалар, сұхбаттар қабылданады.
6. Материалдар 2021 жылдың 15 қарашасы мен 30 қарашасы аралығында жариялануы керек.
7. Ұсынылатын материалдар санына шектеу қойылмайды.
8. Байқау ережесінің талаптарына сәйкес келмейтін немесе көрсетілген мерзімнен кеш ұсынылған материалдар қабылданады. Ұсынылған материалдар қайта қайтарылмайды.
9. Байқау кезеңдері
7. Байқау туралы хабарландыру Байқау ережелері қазақ және орыс тілдерінде өңірлік БАҚ беттерінде жарияланады.
8. Байқауға ұсынылған материалдарды қабылдау.
- Жарияланымдардың түпнұсқасы немесе көшірмесі (автордың мәліметтері, байланыс нөмірлері, басылған атауы көрсетілген) ұсынылады.
- Аудиовизуалды материалдар эфирлік анықтамасымен бірге телевизиялық бағдарламалар көшірмелері түрінде ұсынылуы керек (cd/dvd дискілерінде, флэш тасы-

Ұстаз әлемі

Бақыт оқушыларға дәрсі беріп қана қоймай, адамгершілік, мейірімділік пен имандылық тәрбиелеуді парыз санайды. Өйткені алдындағы баладан елдің ертеңгі болашағын таниды. Өр баланың жан дүниесін ұғынып, қиялы мен қабілетін дөп баса біледі.

Ұстаз болу табандылық пен төзімділікті талап етеді. Тіпті оқушылардың көрмесем сағынып қаламын. Бір сөзбен айтқанда, балалармен жұмыс істеуге үйреніп кеттім, — дейді Бақыт.

Ұқыптылық пен тазалықты талап ететін, әр істі тыңғылықты атқаратын ол ата-аналармен де тығыз байланыста жұмыс істейді. Қолдан келер көмегін аямайды. Өзінің ішкі жан дүниесін, оның байлық оқушы алдында ашық та, анық көрсете біледі. Ол баланың адамгершілік қасиеттерін өсіретін, Отанға деген рухани сүйіспеншілігін артты-

ратын мәліметтерді жиі беріп отырады. Мұғалім сабақтан тыс, түрлі шараларды үлкен ізденіспен, зорлықпен, қазіргі заманға сай технологияларды пайдалана отырып бала жүрегіне асер ететіндей етіп өткізеді. Осындай ұстаздар қатары көбіеі берсе, білім алып жатқан балаларымыздың оқуға деген ынта-қызығушылықтары артады деп ойлаймыз.

Оның шәкірттері тілімізді, әдет-ғұрымымызды берік ұстанатын азаматтар боларына көміл сенеміз. Жақында ғана Республикалық «Үздік мұғалім еңбегі» атты жарыста өзінің мақалаларымен, сабақтарымен көзге түсіп «Өрлеу» ұйымының қолдауымен төсбелгіге ие болды. Оның алға қойған мақсаттары орындалуына, зор шығармашылық табыстарға жетуіне тілекшіміз!

Ғ.ӘБІЛОВА,
Арал ауданы

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылордидің весті», «Ақмеші апталығы», «Ақмеші жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru



Желбіреп түр көк туым

Отыз жыл бұрын ойластырып жан-жақты, Сараладық, сараптама салмақты...

Өз алдына көтермек боп көк Туын, Талай гасыр армандады көп буын...

Сүйеніп жазған тарихи талай дерекке, Әнұран мен Елтанбабмыз ерекше.

Отыз жылда Егемен ел болғалы, Қалыптасып, қаланды ел қорғаны.

Бодандықтан босап елім бұрынғы, Қазақстан қуатты ел боп құрылды.

Емеспіз біз өзгелермен суысқан, Бәрімен де бауырласпыз туысқан.

Қазыбек Әшірбекұлы, ҚР ІІМ Еңбек және Күрметті ардагері Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ТАНЫМ

Розаның Сталинмен кездесуі

РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ Казак әйелдері ішінен бірінші болып Халық Қаһарманы атағына ие болған, киелі де қазыналы Қазалыдан шыққан КСРО-ның Халық артисі Роза Бағланова - кезінде «Халықтар көсемі» атанған И.Сталинмен кездескен қазалылық екі адамның бірі.

Біріншісі, Қазалы ауданының 1938-1942 жылдардағы бірінші хатшысы Тұңғышбай Сегізов еді. Соғыстың алдында болған ВКП (б)-нің XVIII съезіне делегат болып қатысқанда қазақстандық делегаттармен бірге 1939 жылы 22 наурызда Сталинмен түскен суретін ертеректе көрген едім.

Екіншісі - 100 жылдық мерейтойын атап өткізіп отырған жерлесіміз Роза Бағланова. Соғыс жылдарында майдан даласында шырқаған «Ах, Самара городок» әнін орыстың атықты әншілерінің өзі Розадай орындай алмады.

Соғыстан соң, атықты орыс әні «Валенкидің» жағды орындалушысы Лидия Русланованың басына бүлт үйіріле бастады. Оған күйеуі генерал Г.Жуковпен достығы себеп болды. НКВД бастығы Л.Берия маршал Жуковтың көзін құртпақшы болып «соғыс олжасын орасан көп иемденген» деген жалған айып тақты, Л.Русланова



Суретте: Майданның алдығы шебіне кезген концерттік бригада, Р.Бағланова оң жақта (құлақшынның түсіріп алаған үшінші болып тұр).

мен күйеуіне куә болындар дегенде бас тартқан, 1947 жылы екеуін де түрмеге қамап небір азапты көрсетсе де, Жуковқа қарсы жалған мәлімет бермейді. Русланованы соғыс жылдарында 1120 рет қан майданда көрсеткен концерті үшін алған орден мен медальдарынан айырып, 1949 жылдың 28 қазанында атықты 58-ші бапмен, 10 жылға соттап жібереді.

Л.Руслановамен (1900-1973 жж) майдан даласында достасқан Роза өмір бойы байланысын үзген жоқ. 1945 жылдың 2 мамырында атыс әлі де тоқтала қоймаған кез. Рейхстаг алдында алғашқы концерт бермекші болғанда, бір офицер айтқанда: «Қайда барасыңдар? Жағындар өлтіреді!» деді.

Концерт шымылдығы Д.Шостаковичтің Ленинград блокадасында жазған атықты симфониясымен ашылды. Одан кейін Сталин соғыс кезіндегі әндерді жақсы көргендіктен, алдымен Клавдия Шульженко шығып «Синий платок», «Давай закурим» әндерін орындады. Екінші болып Р.Бағланова шықты, көсемді бірінші рет көргендіктен қанша қобалжыса да, «Ах, Самара городокты» тамаша орындап шықты.

Артынан жақындап келген жүргізуші: «Сталин жолдастың қолынан алыңыз» деген дауысын естісімен Сталин отырған қатарға бет алды. Осылайша Сталиннің қолынан қос қолдап алып, туған күнімен құттықталды. Сталин сәл жымиып, басын изеді.

Өмірінің соңына дейін Р.Бағланова Сталинді «ұлы адам» деп есептеді. «Қараван» газетінің тілшісі: «Сіз әлі күнге дейін Сталинді ұлы адам деп есептейсіз бе?» деген сұрағына «Әрине, ол ұлы адам, арта қалған мешуе елді, алып индустриалды елге айналдырды, алапат соғыстан елді аман алып қалды» деген болатын. Кезінде Ұлыбританияның премьер-министрі Уинстон Черчилль: «Сталин Ресейді соқпамен қабылдап алып, атом қаруына

жеткізіп кетті» дегені емес пе?

Бұдан соң 1950 және 1951 жылдары Сталиннің туған күніне байланысты өткен концертке Роза атықты С.Лемешев, А.Вертинский, Г.Уланова, М.Плисецкая, И.Ильинский, А.Райкинмен бірге қатысты. Өз сөздерінде де Сталинмен 3 рет жүздескенін мақтанышымен айтып жүрді. Кезінде Г.Жуков, К.Рокоссовский, И.Конов секілді маршалдармен, Н.Хрущев, Л.Брежнев, Мао Цзэдун, Д.Неру, Ким Ир Сен, И.Ганди, т.б. ел басшыларымен кездесіп, дәм-тұздас болған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлы әнші есімін мәңгі сақтау үшін бірқатар шаралар қабалдағаны белгілі. Соның арасында «Қазақконцерт» ұйымына Роза Бағланованың есімі берілгендігі туралы хабарды мектеп ұжымы зор қуанышпен қарсы алды. Себебі, Р.Бағланова 1939 жылы біздің мектепті бітіріп, үлкен өмірге қадам басқан.

Бақытжан ТҮМЕНБАЕВ, Жаңоқа батыр атыдағы №70 мектептің тарих пәні мұғалімі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ЖЕЛТОҚСАН ЖАҒҒЫРЫ

Мұзда жанған алау

РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Биыл әйгілі Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толады. 1986 жылғы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда, азықтық алғашқы қарығаштары - Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек» деген болатын.



С. Биболат СӨТЖАН, «Сыр бойы»

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы туралы парламенттік комиссия мен Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы құқықтық комиссияның материалдарында да, Бас Прокуратураның мәліметтерінде де, көз көрген куәлардың түсініктемелерінде де бес адамның аты-жөні ұйымдастырушылар қатарында бірінші кезекте аталды. Бесеуі де - Алматы театр және өнер институтының 4-курс студенттері. Солардың бірі - қызылордалық Аманбай Канетов. Ол кейін өткен сот процестерінде де Желтоқсан оқиғасын ұйымдастырушы басты айыпкерлердің бірі ретінде жауапқа тартылған.

1986 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы болып өтті. Ол кезде студенттердің тең жартысы жеке пәтерлерде қанғып жүретін. Алматыдағы жағдай мез емес еді. Әлеуметтік шиеленістердің басты себебі - саяси факторлар. Жергілікті қазактардың ой-пікірімен санасу, ұлттық ерекшелік-

терін құрметтеу деген ұғым көптеп-көртеп бұрмаланды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхаммед Қонаевтың орнынан алған пленум отырысы небәрі 18 минутқа созылды. Оның орнына баяғы басқыншылық әдіспен Мәскеу жіберген Г.Колбин тағайындалды. Жастардың жүрегіндегі бұйырқанған алаудың тұтануына бір тал шырпы жеткілікті болатын. Сол шырпы - Қонаевтың орнынан кетуі болды.

Сол күні театр институтының студенті Аманбай Канетов Никольский базарының жанындағы Выноградов 88 мекен-жайындағы жатақханасына оралды. Жанаптық қолдарына Лениннің кітабын ұстаған, дабырласқан студенттерден естіді. Кешкі сағат алтыларда радиодан айтылған жаңалық түнгі ондар шамасында тағы бір рет жай хабарлама сияқты теледидардан да таратылды. Содан кейін жастар бірауыздан наразылық білдіріп, алаңға шығуға келтісі. Құр шықпай, Ле-



Елімізде биыл «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заң қабылданды. Заңда дактлоскопиялық, геномдық ақпаратты жинау, өңдеу және қорғау көзделген.

Жуырда адамдардың саусақ ізі мен биологиялық үлгілерді тапсыруға қатысты сұрақтарым тіпті көбейді. Ішкі істер министрлігі елдегі эпидемиологиялық жағдайды қалыптасуына байланысты биыл басталуы тиіс азаматтардың саусақ іздерін тіркеуді 2023 жылға ауыстырған.

Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

Әр адамның саусақ ізі әртүрлі

Бәрінен басынан бастасам, мынадай жағдай болды. - Гүлбану, сәлеметсіз бе? Қаламық полиция басқармасынан хабарлап тұрмын. Ішке келіп кетіңізші?

«Сынштық па? - Сол жағалауда бір автокөліктен сіздің саусақ іздеріңіз табылғаны. Келіп түсінік беріп кетсеңіз... Тергеушімен болған осы диалог жайырақат отырған маған қатты әсер етті. «Бұлар несі, әуелі істі толық зерттеп алмай ма? Баланы сабақтан алар уақытта әуре болдым ғой» деп тергеушіге бардым. Темір қоршаудан, арнайы күзеттің тексеруінен өтіп ішке кірдім. Тергеуші оқиғаны түсіндірді. Сол жағалауда автоуақытқа тұрған бір автокөліктің дөңгелегінің дискісі ұрланған. Сол көлікті тексеру кезінде, менің саусақ іздерім анықталыпты.

«Ау, бұлар несі? Мен қайда жүрмін, ол көлік қайда? «Бәйтеректе» тұратын үш баланың анасы ол көліктің дискісін қайтпек? Шамалы зерттеп алып барып шақырмалыңыздар ма? - Саусақ іздері 99,9 пайыз дәл келеді. - Сонда сіз мені... - Жок, сізді ұры деп отырған жоқпын. Жұмы-



сымыз осындай. Сіздің жауабыңызды тіркеуім керек. Содан не керек, бір сағатқа жуық уақыттың тергеушінің алдында өтті. Ол ұрылыққа қатысым жоғын, кешкі уақытта отбасымың жанында болатынымды жазып бердім. Күн сайын тақсиге бірнеше рет отырамыз. Көліктің есігінде міндетті түрде саусақ іздеріміз қалады. Біз түсіп кеткен соң ол көлікті қандай оқиға боларын кім білсін? Сонда күдікті етіп осылай шақыра бере ме? Менің саусақ іздерім менің құпиям болуы керек емес пе? Санамда тұяндаған осы сұрақтарға жауап ізедім. Арнайы хат жазып, жауап алдым.

«Қылымы болған жерден алынатын саусақ іздері және оған жүргізілген зерттеулер қылымы тергеу, ашу және мән-жайларды анықтау бағытында маңызды роль атқарады. Қылмыс орын алған жерден алынған кол іздері адамның кол іздерімен сәйкестік анықталып, ол тергеуге тартылған жағдайда жөне осыған байланысты күдік келтіріледі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің баптарына сәйкес, кінәлі адам тергеуге жауап беруден бас тар-

туға және өзіне қатысты рәсімделген қандай да бір іс-материалдарына қол қоймауына құқығы бар. Бірақ бұл оны қылмыстық жауапкершіліктен босатпайды, - дейді облыстық полиция департаментінің жедел-криминалистикалық басқармасының криминалисі, полиция майоры Нұрбол Құдиров. «Ал қылмысқа қатысы жоғы дәлелденсе, базадан өзінің саусақ іздері туралы мәліметті өшірте ала ма?» деген сауалымызға, «қызметтік ақпарат болғандықтан жариялануға жатпайды» деп жауап берді.

Дактилоскопия адам қолы терісінің папиллярлық бедерлерінің қасиеттері мен сипаттарын, саусақтардың ізін алу, бекіту, табу және оған сәйкестендіруді зерттейді, яғни, саусақ ізінің кімдікі екенін анықтайды. Саусақтағы папиллярлық сызықтар ана құрсағында жатқан баланың бес айлығында пайда болып, өмір бойы өзгеріссіз сақталады. Әр адамның саусақ ізі әртүрлі. Әр адам қайталанбайтын, жеке және ешкімнің көшірмесі емес екенін осы алақан іздері дәлелдейді. Дерматоглифтер саусақтардың қырлы өрнектерін зерттеумен айналысады. Тіпті саусақ іздерін өзгертуге таптыны тері ауыстырғандар да болыпты. Бәрібір адамның өзінің жаратылысындағы іздері қайта қалпына келеді екен. Кезінде адам маймылдан жаратылды деп еді ғой. Маймылдардың алақан іздері бірдей. Саусақ ізі бар құжат 2004 жылдан бері АҚШ-та, 2007 жылдан бері Еуропа елдерінде қолданыла бастады. Паспортты беру кезінде дактлоскопиялық танбаларды тіркеу жұмысы 2009 жылы Түркияда қолға алынса, Қытайда толығымен аяқталған. Ресей 1998 жылы Дактилоскопиялық тіркеу, 2008 жылы Мемлекеттік геномдық тіркеу туралы заңды қабылдады. Осыған ұқсас заңдар Әзербайжан, Беларусь, Тәжікстан, Молдова, Өзбекстан, АҚШ, Ұлыбритания, Францияда қолданыста. Бүгінде жүзден астам мемлекет биометриялық тіркеу бойынша ұлттық жобаларын енгізіп жатыр. Ал біздің елімізде дактлоскопиялық тіркеу жүргізетін мамандарды халықты әуреге салмас үшін арнайы оқуы керек секілді. Өйтпесе қылмысқа қатысың болмаса да, саусақ іздеріңе қос болып жүруге тура келеді.